



АҚУҚАТ

ҰЛТТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - СЯСИ ЖУРНАЛ

Телерадио хабарларын таратуды реттеуге қарсылық көрсетіп жүргендердің көздегені не?

Аманхан ӘЛІМҰЛЫ,
«Ақиқат» журналының
Бас редакторы

Мен осы бір тақырыптағы мақалаға кіріскенше, оның әуелі кілтін, сосын есігін таба алмай біраз әурелендім. Былай қарағанда ол мерзімді басылымдар мен телеарналарда аз сөз болмай жүрген секілді. Мұны айтып отырғанымыз, жаңа газетшілдік пен тәуелсіздік терісін жамылған әлдекімдерге тәуелді газеттер мен телевизияның етек алып, олардың заңдық-құқықтық тәртіп-тәлімге бой ұсынбауы Қазақстанның ақпараттық кеңістігіндегі ең басты мәселе болып отыр. Олардың стратегиялық болмыс-бітімі қазақтың ұлттық сана-сезімге негізделген ойлап-сезіну, қабылдау жүйесін өзгертіп, сосын Қазақстан халқының күнделікті тыныс-тіршілігіндегі қарым-қатынасты өз дегендері бойынша қалыптастыру. Яғни, сонау 1917 жылдағы большевиктер секілді ескі деп қабылданатын дәстүрді күйретіп, өзге ел-жұрттан телінген «жаңаны» сіңіріп, енгізу. Мұны революциялық-реформаторлық негіздегі большевизм демеске амалымыз жоқ. Олардың көздегені дәстүрлі қоғамға, қалыптасқан отбасы институтына, діни наным-сенімге, сондай-ақ, басқа да ұлттық құндылықтарға өздерінше батыстық, не америкалық реформа жүргізу.

Мұндай ақпараттық кеңістікте жүріп жатқан «соғыс» бомба жарылып, оқ атылмай-ақ ұлтты жер бетінен мәңгірт, одан да әрі кеткенде көзқаман (ұлтын сатып кететіндерді айтады – А.Ә.) етіп, жойып жіберетін бірден бір ақпараттық-идеологиялық майдан. Қазір біз сол бұқаралық-ақпараттық қызметті реттеп алмай, яғни, оған ұлттандыру (национализация) жүргізбей көшіміз түзелмейді. Дәп осы жерде ұлы Мұхтар Әуезовтің «Ел болам десең бесігіңді түзе» деген сөзін қайталасақ, еш қателеспейміз ғой деп ойлаймын. Әйтпесе, қазақ-орысы, тағы басқасы бар либерал-радикал бағыт-бағдардағы реформаторлар БАҚ үшін неліктен жан алып, жан беріп күреседі. Сосын, неге олар, яки, кейбір олигархтар Қазақстанның ақпараттық кеңістіктерін сөз бостандығы мен ой еркіндігін желеу етіп билеп алғысы келіп жүр. Сондықтан да, біз қазір ұлттық мүддемізді қорғағымыз келсе, ақпараттық шабуылға емес, ақпараттық қорғанысқа көшуге тиіспіз. Ол үшін алдымен соңғы он жылда Қазақстанның ашық-шашық жатқан ақпараттық кеңістігін жайлаған, жайлап қана қоймай оған әртүрлі құйтырқы жолдармен лицензия алып, қол жеткізген бұқаралық ақпарат құралдарының қай-қайсысын да ұлттық, мемлекеттік, қоғамдық, саяси, әлеуметтік-тұрмыстық, моральдық ар-ождандық тәртіпке шақырып, сол ақпараттық кеңістікті ластанудан арылтып, тазалауымыз керек. Әрине, оған қол жеткізу қияметтің қайымы.

Өйткені, соңғы бір-екі айдың ішінде Қазақстандағы БАҚ туралы, оның қандай болып, қай бағыт-бағдарда қызмет істеуі керектігі жөнінде екіншісі бірі, «ерінбеген етікші боладының» кебін киген кез келген жазарман жазатын болды. Және олардың ақпараттық кеңістікте хабар таратуда БАҚ туралы, Тіл туралы, Авторлық құқық, Байланыс туралы заңдарды өрескел бұзған, не бұзып жүрген басылымдар мен теледидарларды қорғайтынын қайтесіз. Бұған олардың шет ел телерадио хабарларының 20 пайыздан аспауы тиістігі жөніндегі ұсынысқа жан-тәнін сала қарсылық көрсететінін қосыңыз. Жаңағыдай тәртіп пен заңға бой ұсынғысы келмейтін тәуелсіздік терісін жамылған тәуелді газеттердің иелері – ақшалы қалта-олигархтар да өздері жалдап алған журналистерден әрі БАҚ-тардан ешқашан қол үзгісі келмейді. Ал, мұның бәрін сөзсіз реттеу керек. Реттегенде күшпен, не жөн-жосықсыз емес, кәдімгі ұлттық, мемлекеттік, қоғамдық мүддедегі талап-тілектер арқылы әрі заңдылықтармен реттеген жөн. Әйтпесе, сонау жылдардағы ақын Н.Некрасовтың «современники» поэмасындағы:

«Не у нас – во всей Европе
Прессой правит капитал,
Был же Генкель, есть же Гоппе...
Ты бы ярче их сиял!

Прессе нужны коммерсанты» – дегендей немесе өзіміздің ұлы жазушымыз Мұхтар Әуезовтің сонау 1922 жылы жазған, әрі мерзімді баспасөз туралы айтқан: «Кейбірінің (мерзімді басылымдарды айтып отыр – А.Ә.) кім екені белгісіз. Көбі ары-бері сандалуда. Сондықтан, газеттерден қазіргі уақытта жұрттың көбі жамандау бөлімін ғана оқиды. Ол неден?.. Себебі – жамандау қазақ (Бұл қазаққа ғана тән болмаса керек – А.Ә.) мінезінде өсекшілдіктің салдары: бұл жерде газет те ел рухына жақындайды. Сондықтан, ол бөлімнің оқушысы көп» дегендей күй кешуіміз мүмкін. Өйткені, қазіргі Қазақстандағы өзін тәуелсіз санайтын әлдекімдерге тәуелді қай тілдегі, қандай газет болмасын сол екі ұлы адам айтқан бағыт-бағдарда қызмет ететінін біздің қай-қайсымыз да көріп-біліп отырмыз. Жоғарыдағыдай жайларға жол бермеуге және БАҚ туралы, Тіл туралы, Авторлық құқық, Байланыс туралы заңдарды реттеуге құрылған Қазақстан Республикасы телерадио хабарларын таратуға құқық беру жөніндегі комиссияның ә дегендегі қызметін қолдап-қорғауға болады. Өйткені, дәп осы бір қысылтаяң кезде кез келген БАҚ-тың иесі, не сондағы қызмет істейтін журналистер өздерінің мүдделерін қандай да бір жолдармен қолдап, қорғануға тырысады. Мысалы, соның бірі «Таң» компаниясының президенті Бақытжан Кетебаевтың күні кеше ғана «31» каналдан сөйлеп, республикалық телеарналардың Тіл туралы заңды орындауына өз тілімен айтқанда «Проблема кадрами» мәселесі мүмкіндік бермейді екен, сосын оның айтуынша «жақын бір-екі айдың ішінде КСРО кезінде дайындалған қазақша хабарлар бітіп қалған соң» телерадио арналар Тіл туралы заңды орындай алмай қалады екен-мыс. Сонда, қазақта телеарналарда қызмет етіп, онда жақсы хабарлар жүргізіп, бағдарламалар жасайтын журналистер болмағаны ма? Әлде, қазақ журналистикасы КСРО құлағаннан кейін тұралап қалды ма? Оданда ол мырза, қызметсіз жүрген қандас журналистерге қызмет тауыпбермей ме? Міне, осындай абсурд, санаға симайтын пікірге қалай қосылуға болады. Бұл мемлекетті, ұлтты, қоғамды, сосын ондағы қалыптасқан діл мен тілді, әрі қарым-қатынасты күйретуге апаратын бірден-бір жол емес пе? Ал, дәл осы кезде Қазақстан БАҚ-ның тағдыры шешіліп жатқан кезде Бақытжан кетебаев секілді сөз бостандығы мен ой еркіндігін не болса соны жазып, не болса соны сөз етіп, көрсетуге болады деушілердің көбеймесе, азаймайтыны тағы белгілі. республикамызда 2002 жылдың 1 ақпанына дейінгі мәлімет бойынша 1397 БАҚ бар да, оның 1019-ы газет, 378-і журнал, 124-і телекомпаниялар мен студиялар көрінеді. Соның лицензиясы бары, яғни, эфирде жұмыс істеп тұрғаны 76 екен. Бұлардан басқа 14 ақпарат агенттігі бар. Бұл Қазақстан үшін ақпараттық-идеологиялық кеңістікте аз күш емес. Сондықтан да, оларды жөн-жосыққа салып, реттеп отырмасақ, онда біздің мемлекеттік деңгейдегі ұлттық қауіпсіздігімізді былай қойғанда, ондағы тұрып жатқан кіндік ұлт қазақ және басқа да ұлт өкілдерінің сана-сезімін, олардың бір-біріне деген дәстүрлі қарым-қатынасын бұзатын іс-әрекеттердің етек алып кетуіне кім күмән келтіреді. Жалпы, іштен пісіп жетілмей, сырттан телінген сөз бостандығы мен ой еркіндігі, тіпті, демократия психологиялық дерт. Ал, ол дерт әр уақытта да сыртқа, яки Батысқа не Америкаға, тіпті, болмағанда Ресей идеологиясы мен идеясына еліктеп-солықтаудан жұғады. Сондықтан да, қай кезең, қай уақытта да өзгені компиляциялау ешкімге абырой әпермеген, ал, оған компиляторлық етіп «оброзованщиналық алғырлық» таныту одан да қауіпті. Әсіресе, ол ұлттық сана-сезім, ой-жүйе қалыптасып, оң-солымызды толық танып үлгермеген кезімізде ақпараттық майданда жеңіліп қалсақ одан да қасіретті. Кітәби, әрі газети күйретуші теория – либерал-радикалдық, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-саяси, яки, өзгелердің ой жемісі – демократияны насихаттаушы тәуелсіздік терісін жамылған әлдекімдерге тәуелді газеттер мен телерадиоарналар үшін қазіргі мемлекеттің ұстанған бағыты, әрине, жақпайды.

Ал, оларға жақпайды деп принциптен қайтып, заңсыздыққа жол беру ешкімге де абырой әпермесі шындық.

Біз білеміз, кейбіреулер қазіргі БАҚ-қа басты ықпал ететін күш – әлеуметтік-экономикалық нарыққа негізделген еркін бәсекелестік дейді. Хош, оған біздің ешқандай қарсылығымыз жоқ. Бірақ, ол қазіргі батыстық ләззаттану мен тояттану принципіндегі материалдық-тұрмыстық күн көрушілік іс-әрекеттерге негізделмей ар-ождан-моральдық, мемлекеттік, ұлттық, қоғамдық принциптерге негізделуі тиіс. Ол сонда ғана еркін сөз бостандығы, сосын, еркін ой көрсеткіші бола алады. Онсыз демократия күйретуші күшке ие – демагогия. Біздің сан қақсап, сан жазып жүргеніміз де сол. Әйтпесе, маған, менің әріптестерім, мемлекетті, ұлтты, қоғамды жинақтаушы әрі тұтастырушы, сондай-ақ, біріктіруші бағыт-бағдарда қызмет істейтін қазақ-орыс, әрі басқа ұлт пен ұлыс өкілдері журналистеріне сөз бостандығы мен ой еркіндігі керек емес дейсіздер ме? Керек болғанда қандай. Сондықтан да, бұл салада біз ойланатын жағдай шаш-етектен.

Ал, қазіргі Қазақстандағы БАҚ мәселесінде еліміз президенті мен Үкіметінің алға қойған заңдылыққа негізделген мақсатын, БАҚ туралы, Тіл туралы, Авторлық құқық, Байланыс туралы заңдарды аттап өтіп, әсіресе, Тіл туралы заңға келгенде мемлекеттік тілдегі бағдарламаларын әлдеқандай бір ешкім көрмейтін мезгілдерге қойып, өздерінің мақсат-мұратындағы әрі ұстанған бағытындағы хабарларды ыңғайлы, ел-жұрт көретін уақыттарға орналастырып көзбояушылық танытса, онда бізге ондай БАҚ-тың не керегі бар. Сондықтан да, қазіргі Қазақстандағы БАҚ төңірегінде жүріп жатқан мәселеде мемлекеттік, ұлттық, қоғамдық ара қатынасты күйретпей жинақтайтын, сосын ұлттық сана-сезім, әдет-ғұрып, салт-дәстүрге оң ықпал ететін принциптерде әуелі республикамыздағы БАҚ-тардың өзі, сосын мемлекетіміз алған бағытынан бір таймауы тиіс.